

 <p>СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ</p>	<p>«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</p>	
3-деңгейлі СМЖ құжаты	2024 жылғы « <u>01</u> » <u>03</u> №1 редакция	Е.029-03-04.2.01-2024

**Республикалық студенттердің/магистранттардың ғылыми-зерттеу
жұмыстарының (СҒЗЖ/МҒЗЖ) конкурсын
ұйымдастыру және өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

Е.029-03-04.2.01 - 2024

АЛҒЫСӨЗ

**1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
КЕАҚ Ғылыми жобаларды сүйемелдеу және жоғары оқу орнынан кейінгі
білім департаментінде ӘЗІРЛЕНДІ**

Ғылыми жобаларды сүйемелдеу және
жоғары оқу орнынан кейінгі білім
департаментінің директоры
«28» 02 2024 ж.



Д.Алшимбаева

2 КЕЛІСІЛДІ

Басқарма мүшесі - ғылым және
корпоративтік даму жөніндегі
проректор
«29» 02 2024 ж.



Е.Көлдеев

Заңгерлік қамтамасыз ету және
мемлекеттік сатып алу басқармасы
бастығының міндетін атқарушы
«29» 02 2024 ж.



Т. Абуkenов

Бағалау және сапа
бөлімінің бастығы
«28» 02 2024 ж.



А. Сауранбаева

Құжаттамалық қамтамасыз ету
және мемлекеттік тілді дамыту
бөлімінің бастығы
«28» 02 2024 ж.



Ж. Оракбаева

**3 Басқарманың 2024 жылғы «01» 03 № 3 шешімімен
БЕКІТІЛДІ**

4 Бірінші рет ЕНГІЗІЛДІ

МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ережелер	4
2 Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңінің мақсаттары	4
3 Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңінің міндеттері	4
4 Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңінің қатысушылары	5
5 Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсын ұйымдастыру және өткізу тәртібі	5
6 Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңінің конкурстық комиссиясы	7
7 Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңінің жеңімпаздары	8
8 Құжаттарды ұсыну тәртібі	8
9 Қосымшалар	10
Өзгерістерді тіркеу парағы	18

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары студенттерінің жыл сайынғы ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурсын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсынымдарға сәйкес жасалды және жоғары оқу орнында жаратылыстану, техникалық, әлеуметтік-гуманитарлық және экономикалық ғылымдар бойынша Республикалық студенттердің / магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының (бұдан әрі - СҒЗЖ/МҒЗЖ) конкурсының II кезеңін өткізуді ұйымдастырудың жалпы тәртібін, сондай-ақ Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының III кезеңіне қатысу үшін жолданатын Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңінің жеңімпаздарын анықтау қағидаларын айқындайды.

1.2 Негізгі және қосымша номинацияларда Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңін ұйымдастырудың нақты тәртібі осы Ереженің негізінде Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңінің Ұйымдастыру комитеті қабылдайтын Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңін өткізу әдістемелерімен, өзге де әдістемелік құжаттармен белгіленеді.

1.3 Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңін жалпы әдістемелік, ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз етуді «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ СҒЗЖ/МҒЗЖ өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің жұмыс тобы жүзеге асырады.

2 Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңінің мақсаттары

2.1 Басқарушылық қызметке заманауи технологиялардың дамуына және енгізілуіне оң әсер ету, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның қосатын үлесін арттыру.

2.2 Дарынды жастарды анықтау, олардың шығармашылық белсенділігін жандандыру, зерттеу, өндірістік және кәсіпкерлік қызмет үшін ғылыми әлеуетті қалыптастыру.

2.3 Білім алушылардың оқу-танымдық, ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

2.4 Білім алушылардың заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану жөніндегі білім деңгейін арттыру.

3 Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңінің міндеттері

3.1 Білім алушылардың кәсіби және теориялық білімінің, шеберлігінің, коммуникациясының деңгейін анықтау.

3.2 Конкурсқа қатысушылардың жаңа технологияларды меңгеру дәрежесін және шығармашылық ойлауын дамыту деңгейін анықтау.

3.3 Білім алушылардың танымдық белсенділігін, қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін және дербестігін ынталандыру.

3.4 Болашақ инженердің командада жұмыс істеу қабілетін, жауапкершілігін, еңбекқорлығын, шығармашылығы мен тапқырлығын жетілдіру.

СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсы:

- білім беру бағдарламалары тобы шеңберінде Қазақстанның жоғары оқу орындарының білім алушыларының кәсіби байланыстарын құруды ынталандыруға;

- оң үрдістерді дамыту және адам ресурстарына сапалы жаңа көзқарасты қалыптастыруға;

- конкурсқа қатысушылардың кәсіби өзін-өзі тануын, өзін-өзі анықтауын, қабілетін іске асыра білуін және өзін-өзі танытуын қалыптастыруды ынталандыруға;

- ғылыми ізденістер, инновацияларды іске асыру, ресурстарды ұтымды пайдалану, микро және макро деңгейлерде қолданбалы міндеттерді шешуде теория мен практика арасындағы алшақтықты азайтуға ықпал етеді.

4 Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңінің қатысушылары

4.1. СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсына Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының студенттері мен студенттік ұжымдары қатыса алады.

4.2. СҒЗЖ/СҒЗЖ I ЖОО ішілік конкурсының қорытындысы бойынша 1-орын алған командалар (студенттер) республикалық СҒЗЖ/СҒЗЖ конкурсына қатысу үшін базалық жоғары оқу орындарына жіберіледі.

4.3. Конкурсқа қатысушы кандидатураларды ұсыну құқығы СҒЗЖ/СҒЗЖ I ЖОО ішілік конкурсының жеңімпаздары - командалар (студенттер) оқитын ЖОО ректорына беріледі.

5 Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсын ұйымдастыру және өткізу тәртібі

5.1. Республикалық СҒЗЖ/СҒЗЖ конкурсы жылына бір рет өткізіледі. Жалпы әдістемелік, ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз етуді Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ II кезеңін өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) жүзеге асырады, оның құрамын кафедра мен институт анықтайды және бекітеді. Ұйымдастыру комитеті СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңін өткізу кезінде туындаған даулы жағдайларды қарайды, II кезеңнің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) есеп береді.

Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсы 3 кезеңде өткізіледі:

- 1) I кезең – ЖОО ішілік;
- 2) II кезең - базалық жоғары оқу орындарында;
- 3) III (қорытынды) кезең - республикалық.

Конкурстың жұмыс тілдері - қазақ, орыс және ағылшын.

СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының I кезеңінің қорытындысы бойынша жетекшілік ететін проректордың бұйрығымен бекітілетін ЖОО конкурстық комиссиясы конкурстың II кезеңіне қатысу үшін ЖОО студенттерінің үздік ғылыми-зерттеу жұмыстарын конкурстық негізде іріктейді және базалық жоғары оқу орындарына жібереді.

5.2. Конкурстың II кезеңіне қатысу үшін студенттердің ғылыми жұмыстарын ұсынған кезде жоғары оқу орны базалық жоғары оқу орнына конкурстың тиісті бөлімі бойынша электронды түрде және PDF форматта келесідей құжаттарды жібереді (ЖОО ректорының атына жазбаша нысанда):

- 1) ғылыми жұмыс;
- 2) ғылыми жұмыстың аңдатпасы;
- 3) ғылыми жетекшінің орындалған жұмыстың дербестік дәрежесі туралы пікірі (еркін нысанда);

4) автор (авторлар) және ғылыми жетекші туралы мәліметтер;

5) ЖОО конкурсының бірінші кезеңінің қорытындылары туралы хаттамамен ресімделетін конкурсқа жұмысты ұсыну туралы ректордың (проректордың) қолы қойылған хат.

5.3. Жұмыстың авторы (авторлары) және ғылыми жетекшісі (басшылары) туралы мәліметтер жеке ұсынылады, сондай-ақ ЖОО ашық конкурсының бірінші айналымының қорытындылары туралы ректордың (проректордың) қолы қойылған жұмысты СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсына ұсыну туралы хат ұсынылады. Жұмысты авторлық ұжым орындаған жағдайда, авторлардың тізімі олардың жеке үлесіне сәйкес ұсынылады.

5.4. Осы Ережелердің нормасы бұзылған жағдайда, базалық ЖОО-ның конкурстық комиссиясы бұл жұмыстарды конкурсқа қатыстырудан (міндетті түрде бас тарту себептерін көрсете отырып) бас тартуға құқылы.

5.5. Конкурсқа ұсынылған студенттердің/магистранттардың ғылыми жұмыстары қайтарылмайды.

5.6. Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңі екі айналымнан тұрады:

1) бірінші айналым (сырттай) - ғылыми жұмыстарды плагиатқа қарсы тексеру. II айналымға қатысу студенттердің/магистранттардың ғылыми жұмыстарына плагиатқа қарсы тексеру нәтижелері бойынша рұқсат етіледі.

Айта кету керек, Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңінің қатысушылары плагиатты электронды түрде анықтау және алдын алу үшін жұмысты соңғы редакцияда ұсынуы қажет. Егер жұмыс 1 және 2 ұқсастық коэффициенттерінің нормаларына сәйкес келмесе, қатысушылар II айналымға жіберілмейді.

Ұсынылған ғылыми жұмыс мәтінінің бірегейлігі плагиатқа қарсы жүйенің параметрлеріне сәйкес келуі керек. Бұл ретте нәтижелер **№1 ұқсастық коэффициенті бойынша – 50%-дан аспауы, №2 ұқсастық коэффициенті бойынша - 5%-дан аспауы тиіс. StrikePlagiarism.com** жүйесінің жұмыс істеу ережелерін айқындайтын плагиатты анықтау және алдын алу жөніндегі жалпы регламент (<https://panel.strikeplagiarism.com/#/>) сайтында орналастырылған.

2) II айналым (сырттай) - конкурстық комиссияның (қазылар алқасының) отырысы, онда студенттердің/магистранттардың ғылыми жұмыстары талқыланады және номинацияланады.

5.7. Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңін өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңінің барлық номинациялары бойынша жеңімпаздарды іріктеу критерийлерінің бірлігін қамтамасыз етеді.

5.8. Студенттерге/магистранттарға конкурстық өтінімді қабылдаудан және СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсына қатысудан келесі жағдайларда бас тартылуы мүмкін:

- конкурстық өтінімді және ғылыми жұмысты уақтылы ұсынбау;
- жұмыстың мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі.

6 Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңінің конкурстық комиссиясы

6.1 СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының ақтық айналымының жеңімпаздарын іріктеудің барынша объективтілігіне қол жеткізу мақсатында II кезеңнің конкурстық комиссиясы құрылады және төраға сайланады, оны ЖОО конкурстық комиссиясы бекітеді.

6.2 Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңінің конкурстық комиссиясы кафедраның профессор-оқытушылар құрамы мен бизнес-құрылымдар өкілдерінен құрылады.

6.3 Базалық ЖОО конкурстық комиссиясы жүлдегерлерді келесідей тәртіппен марапаттауға ұсынуға құқылы:

1 орын үшін - Министрліктің дәрежелі дипломымен (бір жұмыстан көп емес);

2-орын үшін - Министрліктің II дәрежелі дипломдарымен (екі жұмыстан көп емес);

3-орын үшін - Министрліктің III дәрежелі дипломдарымен (үш жұмыстан көп емес).

6.4 Базалық ЖОО конкурстық комиссиясы аталған отырыста комиссия құрамының кемінде 2/3 болған кезде көпшілік дауыспен ашық дауыс беру арқылы шешім қабылдайды. Дауыстар саны тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

6.5 Конкурстың ІІІ кезеңіне қатысу үшін студенттердің/магистранттардың үздік ғылыми жұмыстарын ұсыну кезінде базалық ЖОО ағымдағы жылдың 30 мамырына дейін комиссияның хаттамасымен ресімделген, оның барлық мүшелерінің қолы қойылған материалдарды Министрлікке жібереді.

6.6 Базалық ЖОО конкурстық комиссиясы Министрлікке хаттамамен бірге:

1) конкурс қорытындысы бойынша толтырылған деректер базасы бар дискті;

2) дипломдармен марапаттауға ұсынылған базалық ЖОО студенттерінің/магистранттарының жұмыстарына бөгде ұйымдардың рецензияларын;

3) ғылыми бөлімнің конкурстық жұмыстарының мазмұны мен тақырыбы бойынша қысқаша талдамалық материалды;

4) конкурстық комиссияның хаттамасын ұсынады.

6.7 Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының ІІ кезеңінің ақтық айналымын өткізу сәтіндегі конкурстық комиссияның қызметі Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының ІІ кезеңіне қатысушылардың ғылыми жұмыстарын бағалаумен және шешім шығарумен ғана шектеледі. Конкурс аяқталғаннан кейін конкурстық комиссияның мүшелері жеке-дара немесе ұжымдық түрде СҒЗЖ/МҒЗЖ Ұйымдастыру комитетіне Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының ІІ кезеңі шеңберінде өткізілетін бағалау процедурасын және іс-шаралардың барлық кешенін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізе алады.

7 Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының ІІ кезеңінің жеңімпаздары

7.1 Конкурс қорытындысы бойынша барлық жұмыстардың ішіндегі ең көп ұпай жинаған жұмыс жеңімпаз деп танылады. Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының ІІ кезеңінің қорытындысын шығару кезінде конкурстық комиссия әрбір номинация бойынша командалық немесе жеке есепте жеңімпаздарды анықтайды.

7.2 Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының ІІ кезеңінің қорытындыларын шығаруды, Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының ІІ кезеңінің жеңімпаздары мен лауреаттарын марапаттауды республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының ІІ кезеңінің конкурстық комиссиясының ұсынысы бойынша СҒЗЖ/СҒЗЖ жөніндегі ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

7.3 Жеңімпаздар (бірінші, екінші және үшінші орын алған) Министрліктің 1, 2 және 3-дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

8 Құжаттарды ұсыну тәртібі

Конкурсқа қатысушыларды тіркеу үшін келесі құжаттар талап етіледі:

1. Конкурсқа қатысушы(лар)ның жеке өтініші (ЖОО ректорының атына жазбаша нысанда);
 2. Базалық жоғары оқу орнында СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсына жұмысты ұсыну конкурстың бірінші кезеңінің қорытындылары туралы кафедра отырысының хаттамасы;
 3. Қатысушының (-лардың) өтінімі;
 4. Ғылыми жұмысқа аңдатпа;
 5. Ғылыми жетекшінің орындалған жұмыстың дербестік дәрежесі туралы пікірі (еркін нысанда);
 6. Автор (авторлар) және ғылыми жетекші туралы мәліметтер;
 7. Қатысушы(лар)ның талаптарға сәйкес ресімделген ғылыми жұмысы.
- * Талап бойынша ресімделмеген ғылыми жұмыстар қарауға қабылданбайды.

1-қосымша

«Қ.И.Сәтбаев атындағы
ҚазҰТЗУ»
КЕАҚ ректоры
М.Бегентаев мырзаға

(қатысушының тегі, аты-жөні)

ӨТІНІШ

Сізден Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының ІІ кезеңіне қатысуға
рұқсат етуіңізді сұраймын.

(қолы)

(күні)

2-қосымша

**Базалық ЖОО-да СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсына жұмысты ұсыну
туралы конкурстың I кезеңінің қорытындылары туралы кафедра
отырысының _____ хаттамасы _____**

_____ бөлімі бойынша СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурстық комиссиясы, _____ адам, ЖОО ректорының _____ жылғы № _____ бұйрығымен бекітілді.

Комитет отырысына _____ адам қатысты.

СҒЗЖ/МҒЗЖ _____ жылғы конкурсына бөлім бойынша _____ жұмыс (_____ студенттер/магистранттар, _____ ғылыми жетекші) түсті.

Студенттердің/магистранттардың ғылыми жұмыстарын қарап, ЖОО конкурстық комиссиясы марапаттауға ұсынуға шешім қабылдады:

1. _____ Министрліктің I дәрежелі дипломдарымен _____ жұмыс
2. _____ Министрліктің II дәрежелі дипломдарымен _____ жұмыс
3. _____ Министрліктің III дәрежелі дипломдарымен _____ жұмыс

Бұдан әрі автор (авторлар), жоғары оқу орны, ғылыми жетекші көрсетілген жұмыстардың тізбесі келтіріледі.

Конкурстық комиссияның төрағасы
Конкурстық комиссияның хатшысы
Комиссия мүшелері

3-қосымша

**Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңіне қатысуға
ӨТІНІМ**

ЖОО атауы	
Қала	
Студенттің/магистранттың аты-жөні	
Студенттің/магистранттың байланыс деректері (үйінің мекенжайы, ұялы телефон, e-mail)	
Мамандық, курс	
Конкурсқа қатысу үшін жұмыс тілі (қазақ, орыс, ағылшын) көрсету	
Ғылыми жетекшінің аты-жөні, лауазымы (ұялы телефоны, e-mail)	

4-қосымша

Ғылыми жұмысқа аңдатпа*

1. Атауы
2. Ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекеттік рубрикаторы
3. ЖОО
4. Жұмыс аяқталған жыл
5. _____ Жұмыстың көлемі: б.
6. _____ Қосымшалар саны: б.
7. _____ Иллюстрациялар саны: б.
8. _____ Кестелер саны: б.
9. _____ Әдебиет көздерінің саны:

Жұмыс сипаттамасы:

1. Ғылыми жұмыстың мақсаты мен міндеттері.
2. Жүргізілген зерттеу әдістері.
3. Ғылыми зерттеудің негізгі нәтижелері (ғылыми, практикалық).
4. Ғылыми нәтижелерді пайдалану туралы құжаттардың болуы (иә, жоқ).

Авторлардың қолы

* Аңдатпа көлемі 200-300 сөз

5-қосымша

Республикалық конкурсының СҒЗЖ/МҒЗЖ II кезеңіне қатысу үшін
ұсынылған жұмыстың авторлары мен ғылыми жетекшісі туралы
мәліметтер

Автор

1. Тегі
2. Аты
3. Әкесінің аты
4. Курс
5. Үй мекенжайы

Жетекшілік ететін проректор
Ғылыми жетекші
Жұмыстың авторлары

6-қосымша

Ғылыми жұмыстың мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар

Ғылыми жұмыста келесі бөлімдер көрсетілуі керек:

1. Титул парағы;
2. Мазмұны;
3. Кіріспе;
4. Негізгі бөлім (зерттеу тақырыбы бойынша әдеби шолуды, зерттеуді жазу әдістемесін, нәтижелерді талдауды, ғылыми жұмыстың практикалық маңыздылығын қамтиды);
5. Қорытынды;
6. Пайдаланылған дереккөздердің тізімі;
7. Қосымша.

БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Республикалық СҒЗЖ/МҒЗЖ конкурсының II кезеңіне қатысу үшін ұсынылған ғылыми жұмыстар келесі критерийлер бойынша бағаланады:

1. Ғылыми жұмыс мазмұнының мамандықтың бағыты мен тақырыпқа сәйкестігі;
2. Ғылыми жұмыстың өзектілігі: мәселенің мазмұнды және нақты тұжырымы;
3. Теориялық-әдіснамалық негізді және пайдаланылған зерттеу әдістерін сауатты сипаттау;
4. Баяндаудың ғылыми стилі, материалды ұсынудың қисындылығы мен дәйектілігі;
5. Ғылыми жұмыс идеяларының түпнұсқалығы;
6. Практикаға енгізудің маңыздылығы мен келешегі.

Ғылыми жұмысты баспа түрінде ресімдеуге қойылатын талаптар:

1. Ғылыми жұмыс компьютерде басылуы керек.
2. Қаріп өлшемі 14 – Times New Roman, жоларалық интервал – 1,5.
3. Шеттері: сол жағы - 3 см, оң жағы - 1 см, жоғарғы және төменгі жағы - 2 см., абзац шегінісі - 1,25 см.
4. Жұмыс көлемі 30 беттен аспауы керек, бірақ 20 беттен кем (қосымшасыз) болмауы керек.

Ғылыми жұмысты орындау кезінде кескіннің біркелкі жиілігі, алуан түрлілігін және айқындылығын сақтау қажет. Жұмыста сызықтар, әріптер, сандар және белгілер анық болуы керек, жайылып кетпеуі керек.

Ғылыми жұмыстың «МАЗМҰНЫ», «КІРІСПЕ», «ҚОРЫТЫНДЫ», «ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ», «ҚОСЫМШАЛАР» сияқты құрылымдық элементтерінің атаулары, сондай-ақ жұмыстың негізгі мәтіні бөлімдерінің атаулары бас әріптермен, абзац шегінісінен нүктесіз «қалың» қаріппен басып шығарылуы тиіс.

Параграфтардың тақырыптары абзац шегінісінен басталып, олардың нөмірленуінен (1.1) бастап, одан әрі бас әріптермен «қалың» қаріппен, соңына

нүкте қоймай басып шығарылуы керек.

Мәтіннің және бөлімдер мен параграфтардың тақырыптары арасындағы қашықтық 1 интервал.

Кіріспе, ғылыми жұмыстың негізгі бөлігінің бөлімдері, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшалар жаңа парақтан басталады.

Бет нөмірлері парақтың төменгі бөлігінің ортасына нүктесіз қойылады. Беттер араб цифрларымен нөмірленіп, бүкіл мәтін бойынша нөмірленуі керек. Титул парағы беттердің жалпы нөмірленуіне кіреді. Бет нөмірі титулдық параққа қойылмайды.

Мәтінде көрсетілген *иллюстрациялар* (сызбалар, графиктер, схемалар, диаграммалар және т.б.) мәтіннен кейін тікелей немесе келесі бетке орналастырылуы керек. Барлық иллюстрацияларға ғылыми жұмыста сілтемелер берілуі керек. Иллюстрацияларда жолдың ортасында иллюстрацияның астында орналастырылған тақырып болуы керек. Иллюстрация «Сурет» сөзімен белгіленеді. Сурет пен мәтін арасындағы қашықтық бір «бос жол» арқылы анықталады. Суреттегі жазбадағы қаріптің сызбасы Times New Roman, кегль 12.

Суреттердегі ескертпелерді ресімдеудің мүмкін нұсқалары:

- 1) Ескертпе: автор құрастырған;
- 2) Ескертпе: дереккөз [1];
- 3) Ескертпе: дереккөз бойынша автор құрастырған [1].

Формулалар мен теңдеулер. Формулалар мен теңдеулер мәтіннен бөлек жолға бөлінуі керек. Әрбір формуланың немесе теңдеудің үстінде және астында кемінде бір бос жол қалуы керек. Таңбалар мен сандық коэффициенттердің мәндерін түсіндіру формулада берілген ретпен формуланың астына тікелей берілуі керек. Ғылыми жұмыстағы формулалар барлық ғылыми жұмыстың шегінде араб цифрларымен жақшаның ішінде жолдың оң жағында реттік нөмірлеу арқылы нөмірленуі керек. Бір қаріп барлық жұмыста қолданылуы керек, ерекшеліктер тек кестелерге, графиктерге және қосымшаларға қатысты.

Кестелер. Кесте жақсырақ түсінікті және салыстыруға ыңғайлы болу үшін пайдаланылады. Кестенің атауы оның мазмұнын көрсетуі, нақты болуы керек. Кестенің атауы сол жақтағы кестенің үстінде, шегініссіз, оның нөмірі сызықшамен бөлінген болуы керек. Кесте бөлігін тасымалдау кезінде атау тек кестенің бірінші бөлігінің үстіне қойылады, кестені шектейтін төменгі көлденең сызық сызылмайды, басқа бөліктердің үстіне «Кестенің жалғасы» сөзі жазылады және оның нөмірі көрсетіледі. Кесте бірінші мәтіннен кейін немесе келесі бетте орналастырылуы тиіс. Ғылыми жұмыста барлық кестелерге сілтеме жасалуы керек. Сілтеме жасаған кезде нөмірін көрсете отырып «кесте» сөзін жазу керек. Қажет болған жағдайда мәтінге қарағанда кестеде кіші қаріп өлшемін қолдануға рұқсат етіледі, бірақ қаріп өлшемі кемінде 10 болуы тиіс. Қосымшалардың кестелерін қоспағанда, барлық ғылыми жұмыстың шегінде кестелер араб цифрларымен реттік нөмірлеу

арқылы нөмірленуі керек. Қолданбалы кестелерді қоспағанда, кестелер араб цифрларымен реттік нөмірлеу арқылы нөмірленуі керек.

Кестедегі ескертпелерді ресімдеудің мүмкін нұсқалары:

- 4) Ескертпе: автор құрастырған;
- 5) Ескертпе: дереккөз [1];
- 6) Ескертпе: дереккөз бойынша автор құрастырған [1].

Пайдаланылған дереккөздерге *сілтемелер* дереккөздер тізімі бойынша реттік нөмірмен көрсетілуі керек және төртбұрышты жақшада [1] келтірілуі керек. Сілтемелерді мәтін бойынша көрсете отырып оларды жүйелі түрде орналастыру.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі. Пайдаланылған дереккөздер туралы мәліметтер жұмыс мәтініндегі дереккөздерге сілтемелердің пайда болу тәртібімен орналастырылуы, араб цифрларымен нүктесіз нөмірленуі және абзац шегінісінен басып шығарылуы тиіс. Дереккөздер туралы мәліметтер МЕМСТ 7.1-2003 талаптарына сәйкес келтіріледі.

Қосымшалар ғылыми жұмыстың мәтінінде оларға сілтемелерді келтіру тәртібімен орналастыра отырып, келесі парақтарда ғылыми жұмыстың жалғасы ретінде ресімделуі керек. Әрбір қосымша беттің ортасында «Қосымша» деген сөзбен және оның белгісін көрсететін жаңа жолдан басталуы керек. Қосымшада мәтінге қатысты симметриялы түрде жеке жолдың бас әрпімен жазылатын тақырып болуы керек. Қосымшалар Ё, З, Й, О, Ч, Ъ, Ы, Ь әріптерін қоспағанда, орыс алфавитінің А әрпінен бастап бас әріптерімен белгіленеді (мысалы "А қосымшасы"). Егер тәуелсіз мәні бар құжат қосымша ретінде пайдаланылса, ол түпнұсқада өзгеріссіз жұмысқа салынады.

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгерістің түрі (ауыстыру, жою, қосу)	Хабарламаның нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі және аты-жөні, қолы, лауазымы